



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«Халық коммунистері»
фракциясының мүшелеріне**

2019 жылғы 18 қыркүйектегі № ДЗ-133

Құрметті депутаттар!

Сіздердің бюджет ашықтығы мен айқындығының деңгейін арттыру мәселелері бойынша сауалдарыңызды қарап мынаны хабарлаймын.

Көтерген бюджет ашықтығы мен айқындығының деңгейін арттыру мәселелері өзекті болып отыр.

2015 жылдан бастап Үкімет Бес институционалдық реформа - «100 нақты қадам» Ұлт жоспары іске асыру шеңберінде осы бағыттағы жұмысты күшейтті.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңға сәйкес «Ашық үкімет» платформасы шеңберінде «Ашық бюджеттер» интернет-порталы жұмыс істейді. Порталда бюджеттік бағдарламалар, қаржылық есептілік, қаржылық бақылау және мемлекеттік аудит нәтижелері орналастырылады, бюджеттік бағдарламаларды жария талқылау жүргізіледі.

Бүгінгі күнге порталда 54 мыңнан астам бюджеттік бағдарлама жарияланды.

Порталдағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау шеңберінде «Мемлекеттік органның ашықтығы» бағыты бойынша бағаланады. Бағалау әдістемесіне ағымдағы жылы «Азаматтық бюджетті орналастыру» жаңа индикаторы енгізілетін болады.

2017 жылы Бюджет кодексінде «Азаматтық бюджетті» жасау регламенттелді. Бюджеттерді жоспарлау және атқару сатыларында азаматтық бюджетті ұсынудың бірыңғай қағидалары бекітілді. Қаржы министрлігі барлық әкімшілер үшін «Азаматтық бюджет» әдістемелік құралын әзірледі.

Жұртшылықтың бюджетті талқылауға қатысу мүмкіндіктері біртіндеп кеңейтілуде.

Мемлекеттік органдар жанында Қоғамдық кеңестер жұмыс істейді.

2018 жылдан бастап халқы 2 мың адамнан асатын аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқарудың (бұдан әрі - ЖӨБ) дербес бюджеті енгізілді.

ЖӨБ бюджеттерінің жобалары мен олардың орындалуы туралы есептерді тұрғындар жергілікті қоғамдастықтың жиындарында және жиналыстарында талқылайды.

Жергілікті атқарушы органдардың ақпараты бойынша 2018 жылы жергілікті қоғамдастықпен, оның ішінде ЖӨБ бюджеттерін талқылау бойынша 7 мыңнан астам жиналыс өткізілді.

Мерзімді негізде мемлекеттік органдар басшыларының және әкімдердің халыққа есеп беру кездесулері өткізіледі.

Мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде бюджеттің ашықтығы мен айқындығын арттыру бойынша жұмыс жалғасатын болады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына өту жөніндегі міндеттердің бірі шешімдер қабылдау процесіне халықты кеңінен тарту болып табылады.

Бұл сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасында айтылды.

Осыған байланысты Нұрсұлтан қаласы Сарыарқа әкімдігінің қатысу бюджеті бойынша оң тәжірибесін басқа өңірлерге тарату жоспарлануда.

Қазіргі уақытта, Үкімет өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп 2020 жылы «халық қатысатын бюджеттерді» барлық қалаларда енгізу бойынша тәсілдерді дайындау бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл үшін тиісті толықтырулар Жергілікті бюджеттерді әзірлеу қағидаларына енгізілуде. Ағымдағы жылдың соңына дейін Қағида бекітілетін болады.

Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде «халық қатысатын бюджет» жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджетінің жобасын жергілікті тұрғындармен талқылау арқылы қазір іске асырылуда.

Жалпы алғанда, қабылданып жатқан шаралар мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті деңгейлерінде бюджеттің ашықтығын арттыруға ықпал ететін болады.

А. Мамин

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам Фракции
«Народные коммунисты»**

На №ДЗ-133 от 18 сентября 2019 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно повышения уровня бюджетной прозрачности и открытости, сообщая следующее.

Поднимаемые вопросы повышения уровня бюджетной прозрачности и открытости актуальны.

С 2015 года Правительство в рамках реализации Пяти институциональных реформ – Плана нации 100 конкретных шагов усилило работу в этом направлении.

В соответствии с Законом «О доступе к информации» в рамках платформы «Открытое правительство» функционирует интернет-портал «Открытые бюджеты». На портале размещаются бюджетные программы, финансовая отчетность, результаты финансового контроля и государственного аудита, проводится публичное обсуждение бюджетных программ.

На сегодня на портале опубликовано более 54 тысяч бюджетных программ.

Работа центральных и местных исполнительных органов на портале оценивается в рамках ежегодной оценки эффективности деятельности госорганов по направлению «Открытость государственного органа». В Методику оценки в текущем году будет включен новый индикатор «Размещение гражданского бюджета».

В 2017 году в Бюджетном кодексе регламентировано составление «Гражданского бюджета». Утверждены единые Правила представления гражданского бюджета на стадиях планирования и исполнения бюджетов. Министерство финансов для всех администраторов разработало методическое пособие «Гражданский бюджет».

Постепенно для общественности расширяются возможности участия в обсуждении бюджета.

При государственных органах функционируют общественные советы.

С 2018 года в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах с населением более 2 тысяч человек внедрен самостоятельный бюджет местного самоуправления (далее – МСУ).

Проекты бюджетов МСУ и отчеты об их исполнении обсуждаются с жителями на сходах и собраниях местного сообщества.

По информации местных исполнительных органов за 2018 год проведено более 7-ми тыс. собраний местного сообщества, в том числе по обсуждению бюджетов МСУ.

На периодической основе проводятся отчетные встречи руководителей госорганов и акимов с населением.

Работа по повышению открытости и прозрачности бюджета на всех уровнях государственного управления будет продолжена.

Одной из задач по переходу к Концепции «Слышащего государства» является широкое вовлечение населения в процесс принятия решений.

Это также было озвучено в предвыборной программе Президента Республики Казахстан.

В связи с этим, положительный опыт акимата района Сарыарка г. Нур-Султана по бюджету участия планируется распространить на другие регионы.

В настоящее время Правительством совместно с акиматами регионов ведется работа по подготовке подходов по внедрению в 2020 году «бюджетов народного участия» во всех городах. Для этого в Правила разработки местных бюджетов вносятся соответствующие дополнения. До конца текущего года Правила будут утверждены.

В городах районного значения, селах, поселках, сельских округах «бюджет народного участия» уже реализуется через обсуждение проекта бюджета МСУ с местными жителями.

В целом принимаемые меры будут способствовать повышению открытости бюджета на центральном и местном уровнях государственного управления.

А. Мамин